

**2-БЛОК: Арнайы пән**  
**Педагогика және психология негіздері**  
**Бір дұрыс жауабы бар тапсырмалар**

1. Жануар психикасының бейімделу қасиетінің өте жай өзгертін түрі
  - A) бейімделу
  - B) инстинкт
  - C) сана
  - D) интеллект
  - E) дағды
  
2. Адам мен қоғам арасындағы қатынас мәселелерін зерттейтін психология ғылымының саласы
  - A) еңбек
  - B) арнаулы
  - C) педагогикалық
  - D) әлеуметтік
  - E) медициналық
  
3. Педагог қызметіндегі негізгі функция
  - A) басқарушылық
  - B) бақылау
  - C) бағалау
  - D) ұжымдық
  - E) жоспарлау
  
4. Дәстүрлі оқытудың негізі
  - A) сынып сабақ жүйесі
  - B) зерттеу жұмысы
  - C) шығармашылық жұмысы
  - D) өздік жұмысы
  - E) арнайы жұмыс
  
5. Ақыл-ой тәрбиесінің басты міндеті
  - A) оқушы іс-әрекетін дамыту
  - B) дүниетанымды қалыптастыру
  - C) оқу-іскерлігін қалыптастыру
  - D) адамгершілікке тәрбиелеу
  - E) тұлғаны жан-жақты дамыту

6. Теріс қажеттіліктер мен дағдыларды түзету әдісі

- A) тәрбиелеу
- B) іскерлік
- C) дағды
- D) білім беру
- E) қайта тәрбиелеу

7. «Мектептің міндеті – саналы азамат тәрбиелеу» деген пікірді айтқан ғалым

- A) Я.А.Коменский
- B) Ш.А.Амонашвили
- C) А.Дистерверг
- D) В.С.Сластенин
- E) И.Песталоцци

8. Тәрбие диалектикасы

- A) оқу – процесін қалыптастыру
- B) имандылық қасиетін дамыту
- C) танымдық қасиетін іске асыру
- D) жан-жақты дамыту
- E) іс-әрекет нәтижесінде көрінетін құбылыс

9. Білім беру туралы Заң қабылданған жыл

- A) 2010 ж.
- B) 1997 ж.
- C) 1999 ж.
- D) 1998 ж.
- E) 2000 ж.

10. Эмпирикалық зерттеу әдісі

- A) Бақылау, әңгімелесу, сауалнама
- B) Әдебиеттерді талдау
- C) Анализдеу, синтездеу
- D) Педагогикалық салыстыру
- E) Индукция, дедукция

11. «Мұғалім баланы үнемі бақылау қажет» деген пікірді айтқан педагог

- A) Н.К.Крупская
- B) Н.Д.Хмель
- C) Л.Н.Толстой
- D) А.С.Макаренко
- E) Ы.Алтынсарин

12. Оқытудың заңдылықтарын қарастыратын педагогиканың маңызды саласы

- A) Жоғарғы мектеп педагогикасы
- B) Педагогика тарихы
- C) Дидактика
- D) Этнопедагогика
- E) Тәрбие теориясы

13. Білім беру ұғымын педагогика ғылымына тұңғыш енгізген ғалым

- A) В.А.Сухомлинский
- B) К.Д.Ушинский
- C) Ж.Руссо
- D) Дж.Локк
- E) И.Песталоцци

14. Н.К.Крупскаяның негізгі қағидасы

- A) Ұлттық педагогика
- B) Мектептану
- C) Мектеп педагогикасы
- D) Тәрбие теориясы
- E) Оқыту теориясы

15. Дамудың қозғаушы күштері

- A) Қоршаған орта ықпалы
- B) Сыртқы жағдайлар
- C) Қарама-қайшылықтардың күресі
- D) Нәсілділік пен орта
- E) Нышандар мен қабілеттер

16. Ғылыми-танымдық іс-әрекеттердің түзілу ұстанымдары, формалары мен тәсілдері жөніндегі білімдердің жиынтығы

- A) Әдіснама
- B) Әрекет
- C) Әдістеме
- D) Әдіс
- E) Тәсіл

17. «Мінез» ұғымын ғылыми айналымға алғаш рет енгізген ертедегі грек философы

- A) Демокрит
- B) Теофраст
- C) Сократ
- D) Аристотель
- E) Гиппократ

18. Шәкірттің ішкі жан дүниесін түсініп, бағалай білетін педагогтің қабілеттілігі

- A) Дидактикалық
- B) Перцептивтік
- C) Коммуникативтік
- D) Ұйымдастырушылық
- E) Академиялық

19. Профессиограмма құрамына енетін педагогикалық қабілеттердің түрін анықтауға үлес қосқан ғалым

- A) Н.В.Кузьмина
- B) Ф.Н.Гоноболин
- C) В.А.Крутецкий
- D) Н.Д.Хмель
- E) Т.А.Воробьева

20. С.Л.Рубинштейн бойынша детерминизм түсінігі

- A) Жалпылау
- B) Нақтылау
- C) Белгілеу
- D) Салыстыру
- E) Сараптау

***Бір немесе бірнеше дұрыс жауабы бар тапсырмалар***

21. Әдістемелік кеңестің мәжілісі \_\_\_\_\_ өткізіледі

- A) Апта сайын
- B) Ай сайын
- C) Жылына 4 рет
- D) Жылына 3 рет
- E) Екі тоқсанда бір рет
- F) Екі айда бір рет

22. Мектептің лауазымды өкілдері

- A) Бөлім меңгерушілері
- B) Оқушылар
- C) Директор
- D) Орынбасарлары
- E) Ата-аналар
- F) Мұғалім

23. Білім беру ісін басқару мақсаттарын, міндеттерін, мазмұнын, қызметтерін, ұстанымдары мен әдістерін, стильдерін қарастыратын педагогика ғылымының бір бөлімі

- A) Оқыту теориясы
- B) Дидактика
- C) Мектептану
- D) Басқару теориясы
- E) Басқару өнері
- F) Тәрбие теориясы

24. Білім беру ісінің басшы қызметкерлері өз жұмысында ұстануға тиісті, мақсатқа жетуге көмектесетін негізгі, іргелі ережелер:

- A) Тәрбие ұстанымдары
- B) Басқару ұстанымдары
- C) Оқыту ұстанымдары
- D) Ұйымдастыру формалары
- E) Басқару заңдары
- F) Ұйымдастыру талаптары
- G) Оқыту талаптары

25. Оқытудың негізгі компоненттері

- A) іскерлік
- B) бейімділік
- C) ойлау
- D) дағды
- E) іздену
- F) нышан
- G) қабілет
- H) білім

26. Ұжымдық тәрбие формалары

- A) сабақтар
- B) олимпиадалар
- C) ойындар
- D) сахналық қойылымдар
- E) факультативтер
- F) конкурстар
- G) спорт жарыстары
- H) үйірмелер

27. Тәрбие жұмыстарының қызметтері

- A) ұйымдастырушылық
- B) ойнау
- C) жазалау
- D) реттеушілік
- E) орындау
- F) жарыстыру
- G) әрекеттеу
- H) ақпараттық

28. Тәрбиенің ынталандыру әдістері

- A) мадақтау
- B) зеку
- C) жарыстыру
- D) жаттығу
- E) салыстыру
- F) ойнау
- G) жазалау
- H) әрекеттеу

29. Жалпы орта білім беретін мектеп мазмұнын анықтайтын нормативтік құжаттар

- A) Оқыту әдістері
- B) Стандарт
- C) Ұстанымдар
- D) Жарғы
- E) Мектеп ережесі
- F) Оқу жоспары
- G) Тәрбие жоспары
- H) Оқу бағдарламасы

30. Басқару қызметінің функциялары

- A) реттеу
- B) мақсаттарды айқындау
- C) ұйымдастыру
- D) жоспарлау
- E) өкілеттіктер беру принципі
- F) диагностикалау
- G) ынталандыру
- H) өлшеу

**Жазғаяттық тапсырмалар**  
**1-жазғаят**  
**Бір дұрыс жауабы бар 5 тапсырма**

Тақырыптық жоспарлау барысында педагог жеке тарауларды, тақырыптарды, сұрақтарды ретті түрде қарастыруды жөн санады. Ол оның мазмұнына сабақтар жүйесін және басқа да оқытуды ұйымдастыру формасын алып, меңгеруді, қайталауды, бекітуді және бақылау түрлерін жоспарлайды.

Жоспарлау барысында мұғалім тақырыптардың мазмұнын орналастыруда негізгі ұғымдар мен түсініктер бірінші оқытылатындай, ал бейімдеу жаттығуларды теориядан кейін орындалатындай етіп жүйелейді.

31. Меңгеру, қайталау, пысықтау және бағалау

- A) аралас сабақтың құрылымы
- B) бинарлық сабақтың құрылымы
- C) бақылау сабағының құрылымы
- D) жаңа оқу материалын хабарлау сабағының құрылымы
- E) панорамалық сабақтың құрылымы

32. Оқытуды ұйымдастырудың негізгі формасы

- A) экскурсия
- B) олимпиада
- C) сабақ
- D) факультатив
- E) үйірме

33. Әр тақырыпты оқып үйренуге бөлінетін сағат саны белгіленетін жоспар

- A) тоқсандық
- B) күнтізбелік-тақырыптық
- C) сабақ жоспары
- D) жылдық
- E) перспективалық

34. Оқытуды ұйымдастырудың қазіргі түрлері

- A) дара, топтық, жеке
- B) фронтальды, топтық, тұлғалық
- C) фронтальды, топтық, синхронды
- D) фронтальды, сыңарлы, жеке
- E) фронтальды, топтық, жеке, ұжымдық



35. Сабақты жоспарлау барысында, оқу материалдарын нақты құрылымдауда педагогтің басшылыққа алатын дидактикалық принципі

- A) бірізділік және гуманистік
- B) демократиялық және либералдық
- C) сабақтастық және бірізділік
- D) түсініктілік және тұрақтылық
- E) көрнекілік және ғылымилық

**2-жағдаят**

**Бір дұрыс жауабы бар 5 тапсырма**

Педагог қызметінің құрамы гуманистік және жалпыадамзаттық бастаулардан тұрады. Барлық дәуірдегі прогрессивті педагогтардың басты бағыты гуманистік және жалпыадамзаттық бастауларды саналы түрде алдыңғы қатарға шығару, болашаққа ұмтылу болған.

Қазақтың ұлы ағартушы - педагогі Ыбырай Алтынсарин – жалпыадами құндылықтарды тәрбиелеу ақиқатқа, қайырымдылыққа, әсемдікке қызмет етуді алға тартқан. Ол табиғи үйлесімділік, мәдени үйлесімділік принциптерін алға тарта отырып, мына пікірді құптаған «Әр индивидте, әр ұлт өкілінде гуманистік ойлар тәрбиеленуі қажет – ол жалпы адами құндылықтарға ұмтылыс». Осы мақсатты жүзеге асыруда басты роль, оқушыға жеке басының үлгісімен берілетін ұстазға тән деп атап көрсеткен. Оның жеке тұлғасы рухани күші және рухани ықпалы оған көрсетілетін құрметті арттырады. Мектептің көрсеткіші ұстаз құндылықтарымен өлшенеді.

36. Белгілі қазақ ағартушысы педагог Ыбырай Алтынсарин –

- A) жоғары білім жүйесінің негізін салды
- B) қазақ жастарының кәсіптік мамандық алуына жол ашты
- C) білім жүйесінің негізін салды
- D) қазақ тілін оқыту әдістемесінің негізін қалады
- E) мектепке дейінгі білім жүйесінің негізін салды

37. Табиғи үйлесімділік принципі сақталады

- A) педагогикалық үдеріс пен педагогикалық талаптың арасындағы үйлесімділікті сақтау арқылы
- B) педагогикалық үдеріс пен оқу бағдарламасының арасындағы үйлесімділікті сақтау арқылы
- C) педагогикалық үдеріс пен жеке адамның жаратылысы арасындағы үйлесімділікті сақтау арқылы
- D) педагогикалық үдеріс пен әлеуметтік орта арасындағы үйлесімділікті сақтау арқылы
- E) педагогикалық үдеріс пен табиғат арасындағы үйлесімділікті сақтау арқылы

38. Гуманистік бағыт көрініс береді

- A) пәнге деген сүйіспеншілікте
- B) балаларға деген сүйіспеншілікте
- C) мектепке деген сүйіспеншілікте
- D) мамандыққа деген сүйіспеншілікте
- E) ғылымға деген сүйіспеншілікте

39. Гуманистік бағыт ол -

- A) педагогтік қызметтің принциптері
- B) педагогтік қызметтің заңдылықтары
- C) педагогтік қызметтің құралдары
- D) педагогтік қызметтің әдістері
- E) педагогтік қызметтің ережесі

40. Педагог өз қызметінде насихаттайтын құндылықтар

- A) материалдық
- B) ұлттық
- C) рухани
- D) тарихи
- E) жалпыадами

***2-БЛОК: Арнайы пән бойынша тест аяқталды.***